

ТҮПНҰСҚА  
ОРИГИНАЛ

«19» мамыр 2016 жылы  
№1 Хаттама  
құрылтайшылардың  
жалпы жиналысымен  
БЕКІТІЛДІ

**«SilkWay мектеп - лицей»  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік**

**ЖАРҒЫСЫ**

Атырау 2016 ж.

Келесі бетке қара  
Смотри на обороте

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. «SilkWay мектеп – лицей» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы (мәтін бойынша әрі қарай - «Жарғы») Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесімен қабылданған 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес жасалды.

2. «SilkWay мектеп – лицей» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мәтін бойынша әрі қарай – «Мектеп-лицей») мемлекеттік құрылымның бөлшегі болып табылмайды және басқару, білім беру, әлеуметтік, мәдени және өзге де коммерциялық емес функцияларды жүзеге асыру үшін құрылған.

3. Мектеп-лицей қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғыға сәйкес реттелетін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

4. Мектеп-лицей шексіз мерзімге құрылған. Егер қызметін атқару үшін арнайы рұқсат қажет болатын болса (лицензия, сертификат), Мектеп-лицей қызметтің осындай түрін, арнайы рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

5. Мектеп-лицейдің Құрылтайшысы және меншік иесі болып,  
1) Қазақстан Республикасының азаматы Досанов Нурлан Ершатович, ЖСН 800724302694, жеке куәлігі №021618233 ҚР ӘМ-мен 30.11.2007 ж. берілген, тұрғылықты мекен-жайы: Атырау обл., Атырау қ., Сатпаев көшесі, 48В үй, 12 пәтер (мәтін бойынша әрі қарай – Құрылтайшы) болып табылады.

2) Қазақстан Республикасының азаматы Накпаев Чингис Муратович, ЖСН 901124300590, жеке куәлігі №034552122 ҚР ІІМ-мен 30.01.2013 ж. берілген, тұрғылықты мекен-жайы: Атырау обл., Атырау қ., Худина көшесі, 7 үй, (мәтін бойынша әрі қарай – Құрылтайшы) болып табылады.

6. Осы Жарғыда пайдаланылатын ұғымдар:

1) Мектеп-лицейдің лауазымды тұлғасы – тұрақты немесе уақытша Мектеп-лицейдің өкілі қызметін атқаратын немесе Мектеп-лицейде ұйымдық-өкімдік, әкімшілік-шаруашылық қызмет атқаратын тұлға;

2) Мүдделер қақтығысы – Мектеп-лицей қызметкерінің жеке мүдделері оған қызмет өкілеттігін тиісті орындауына кедергі келтіруі мүмкін қызметкердің жеке мүдделері мен оның қызмет өкілеттіліктерінің арасындағы қарама-қайшылық;

3) Мүдделі тұлғалар – Мектеп-лицейді басқару органдары, сондай-ақ, Мектеп-лицеймен байланысы арқылы Мектеп-лицейдің өз мүлігіне иелік етуіне әсер етуі мүмкін азаматтар, өзінің ұйымымен тікелей немесе өкілі арқылы келісім-шарт жасасатын азаматтар;

4) Мектеп-лицейдің қызметін реттейтін жергілікті актілерге Мектеп-лицейдің ішкі бұйрықтар, қаулылар, ережелер, нұсқаулықтары жатады.

**II. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ АТАУЫ МЕН МЕКЕН-ЖАЙЫ**

7. Мектеп-лицей осы Жарғыға сәйкес қызметін атқарады және қызметін атқару барысында келесі атауларды қолдана алады:

Мемлекеттік тілде толық атауы:

«SilkWay мектеп – лицей» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Орыс тілінде толық атауы:

Товарищество с ограниченной ответственностью «SilkWay мектеп – лицей»

8. Мектеп-лицейдің орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Амандосов көшесі, 51А үй, пошта индексі 060000.

### III. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

9. Мектеп-лицей - ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны - мекеме ретінде құрылған, меншік түрі – жеке, түрі – Мектеп-лицей, ұйымның түрі – мектепке дейінгі ұйымның және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымы болып құрылған өкіметтік емес, коммерциялық емес заңды тұлға болып табылады.

10. Мектеп-лицей жеке меншігінде оқшауланған мүлікке ие, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленеді және жүзеге асырады, міндеттерін атқарады, сотта жауапкер, талапкер және үшінші тұлға бола алады, мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлғаның құқық қабілеттігін иеленеді.

11. Мектеп-лицейдің жеке балансы, қазақстандық және шетелдік кредиттік мекемелерде шоттары, мемлекеттік және орыс тілінде толық атауы, ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны, мекен-жайы жазылған домалақ мөрі болады. Мектеп-лицейдің мемлекеттік және орыс тілінде атауы жазылған штамптары мен бланкілері, сондай-ақ, жеке тауар белгісі болады.

12. Мектеп-лицей Қазақстан Республикасының территориясында филиалдар құруға, өзге заңды тұлғаның құрылтайшысы (мүшесі) болуға, ассоциацияларға, одақтарға және өзге де бірлестіктерге мүше болуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық қызметке қатысуға, сондай-ақ, олимпиадаларға, конференцияларға, конгрестерге және қызметтестіктердің өзге түрлеріне қатысуға құқылы.

13. Мектеп-лицей белгіленген тәртіпке сәйкес рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан бастап білім беру қызметімен айналысу құқын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жеңілдіктерді иеленеді.

14. Медициналық қызмет көрсету штаттағы медициналық персоналмен қамтамасыз етіледі. Медициналық персонал әкімшілік және педагогикалық персоналмен қатар, оқушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетуге, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына жауапты болады. Медициналық персоналдың жұмыс істеуіне арнап Мектеп-лицей тиісті жағдайлары қамтамасыз етілген үй-жай бөліп береді.

15. Мектеп-лицейде саяси партиялардың, қоғамдық саяси, діни қозғалыстар мен ұйымдардың құрылымдық бөлшектерін құруға және қызмет етуіне жол берілмейді.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Мектеп-лицей өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі және жеке меншік құқығындағы өндіріліп алынуы мүмкін ақшамен жауап береді.

17. Мектеп-лицей Құрылтайшысының және ол құрған заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

18. Мектеп-лицей құрылымдық бөлімдері туралы ережелерді өзі дайындайды және бекітеді. Онда құрылымдық бөлімдер қызметінің негізгі бағыттары, Мектеп-лицей басқарудың ұйымдық құрылымына бөлім мәртебесін құрылымдық бөлімге әкімшілік-құқықтық бекітудің талаптары анықталады.

19. Мектеп-лицей өзінің атына Құрылтайшымен бекітілген мүлікті және Құрылтайшымен бөлінген каражат есебінен иеленген мүлікті өз бетінше несіздендіруге немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### IV. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПӘНІ, НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Мектеп-лицей өз қызметін Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілері және осы Жарғыға сәйкес анықталған қызметінің пәні мен мақсаттарына сәйкес атқарады.

21. Мектеп-лицей қызметінің негізгі пәні болып бастапқы, негізгі орта, жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырумен қатар, балаларға арналған қосымша білім беру

бағдарламаларын және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруді жүзеге асыру болып табылады.

22. Мектеп-лицейдің қызметінің негізгі мақсаттары – жалпы білім беру бағдарламасы мазмұнының міндетті минимумын меңгеру негізінде оқушы тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, оны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіби білім бағдарламаларын саналы түрде таңдауына және кейінгі меңгеруіне негіз қалыптастыру, азаматтық, еңбек сүйгіштік, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрмет көрсету, қоршаған ортаға, Отанына, отбасына сүйіспеншілік, салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

23. Мектеп-лицейдің қызметінің негізгі міндеттері келесідей:

(1) Білікті тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы оқушының сауаттылығын дамытуға жағдай жасау;

(2) Негізгі қызметінің барлық бағыттары бойынша шетел ұйымдарымен тікелей шарттар мен контрактілер жасасу, педагог пен мамандардың уақытша ұжымдарын құру, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне қатысу;

(3) Сәйкесінше мемлекеттік жалпы міндетті білім беру бағдарламасымен көзделген ғылымның бастапқы негіздерін оқушылардың меңгеруін қамтамасыз ету;

(4) Тұлғаның шығармашылық, дене шынықтыру мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

(5) Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерге құрмет таныту, салт-дәстүрді қастерлеуді, Конституцияға және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

(6) Азаматтық позициясы белсенді тұлға тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының қоғамдық- саяси, экономикалық, мәдени өміріне араласуға ниетін қалыптастыру, тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

(7) Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу, Қазақстан Республикасында өмір сүретін өзге де ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін құрметтеуді тәрбиелеу;

(8) Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу;

(9) Оқушының жан-жақты дамуы үшін оның отбасымен қарым-қатынас орнату.

24. Мақсатына жету үшін Мектеп-лицей қызметінің келесі түрлерін жүзеге асырады:

24.1. Қызметінің негізгі түрі: білім беру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия шеңберінде білім беру қызметін атқару, соның ішінде:

(1) Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту;

(2) Оқушылардың қабілеттерін анықтау және дамыту;

(3) Педагогика, жалпы және жас аралық психология, отбасы және білім беру сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес беруді ұйымдастыру;

(4) Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, мәдени-көпшілік шараларды өткізу;

(5) Ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

(6) Олимпиадаларды, конференцияларды ұйымдастыру және оған қатысу.

(7) Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілері және осы Жарғыға сәйкес ақылы қосымша білім беру қызметін ұсыну.

24.2. Мектеп-лицейдің негізгі қызметі болып табылмайтын, бірақ құрылуындағы жалпы мақсатына қол жеткізу үшін жүзеге асыратын өзге қызмет түрлері келесідей:

(1) Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға беру;

(2) Мектеп-лицейде жүргізілетін білім беру бағдарламаларының тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды орындау;

(3) Білім беру саласында эксперттік баға беру қызметін атқару;

(4) Білім беру саласында кеңес беру, ақпараттық, маркетингтік қызмет көрсету;

(5) Қоғамдық пікірді зерттеу қызметі;

(6) Табыс беретін қызметтен алынған қаражат есебінен дайындалған аудиовизуалдық өнімдерді, оқыту бағдарламаларын, ақпараттық және өзге де материалдарды дайындау және сату;

- (7) Экскурсиялық қызмет атқару;
- (8) Балалар лагерлерін ұйымдастыру;
- (9) Оқу, оқу-әдістемелік, ақпараттық-талдау және өзге де материалдарды көшіру және көбейту жұмыстарын жүзеге асыру;
- (10) Кітап, оқулық, Мектеп-лицей формасын, электронды білім беру материалдарын, сувенирлар, журнал, газеттерді, жазу-сызу және кеңсе тауарларын бөлшек сату;
- (11) Мектеп-лицей оқушылары дайындаған өнім мен қызметтерді сату;
- (12) Шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуын қоса алғанда, жәрменке, аукцион, көрме, көрме-сауда, симпозиум, конференция, лектрондар ұйымдастыру және (немесе) өткізу;
- (13) Өзінің және жалға алынған сахналарда театр көріністерін, концерт, өзге де сахналық ойындарды ұйымдастыру және қойылымын өткізу, фильмдерді көрсету;
- (14) Демалыс, ойын-сауық, шараларды ұйымдастыру қызметі, өзге де ойын-сауық шаралары;
- (15) Мектеп-лицейдің қызметкерлері немесе оқушылары болып табылмайтын тұлғаларға кітапхана қызметін және мұрағатты, зертхана, Мектеп-лицейдің өзге де ресурстарын қолдану қызметін ұсыну; Анықтамалық-библиографиялық, әдістемелік, методологиялық, өзге де ақпараттық қызмет ұсыну;
- (16) Аударма саласында қызмет көрсету;
- (17) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

## V. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

25. Мектеп-лицей жалпы білім беру мектептерінің 1-11 (12) сыныптар базасында келесі деңгейлер бойынша ұйымдастырылады:

(1) **Бастауыш білім берудің** жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі Мектеп-лицейдің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдесу тәжірибесін, шығармашылық қабілеттерін ашуға, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқытудың нормативті мерзімі – 4 жыл;

(2) **Негізгі орта білім берудің** жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. Оқытудың нормативті мерзімі – 5 (6) жыл;

(3) **Жалпы орта білім берудің** жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқушылардың бағдарланатын кәсіпке дейінгі даярлығын жүзеге асыру үшін жаратылыстану-ғылыми бағыт бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып саралау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді. Оқытудың нормативті мерзімі – 2 жыл.

26. Мекемедегі білім беру процессін ұйымдастыру Құрылтайшы және (немесе) Мектеп-лицей бекіткен және Қазақстан Республикасының білім саласында уәкілетті органымен келісілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жоспары мен бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

27. Оқушылардың оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында уәкілетті органы белгілеген шектеулі мөлшерден аспауы керек.

28. Жекелеген пәндерді (пәндер циклы) оқытуға берілген сағат саны типтік оқу жоспары үлгісінде белгіленген сағат санынан кем болмауы тиіс.

29. Мектеп-лицейдің оқу-тәрбие процесі мемлекеттік білім беру стандарттарына, оқу жоспарына және бағдарламаларына сәйкес құрылады, басым бөлігінде сабақ ретінде, сондай-ақ, сыныптан тыс және Мектеп-лицейден тыс жұмыс нысанында жүзеге асырылады.

30. Мектеп–лицейде оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Мектеп–лицейдің ішкі актілерімен анықталған кейбір жеке пәндер ағылшын, түрік, орыс тілдерінде өткізіледі.

31. Мемлекеттік тіл бірінші сыныптан бастап оқытылады. Бірінші сыныптан бастап оқушылар шет тілі ретінде ағылшын тілін терең оқи алады.

32. Оқушылар алғашқы медициналық көмек көрсетумен, шет тілінде оқулықтар мен оқу әдістемеліктерімен, мектеп формасымен қамтамасыз етіледі.

**33. Оқушылардың сабақ кестесі:**

(1) Оқу жылының, оқу аптасының ұзақтығы, демалыс мерзімі мен ұзақтығы Қазақстан Республикасының білім саласында уәкілетті органының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, Директор бекіткен жылдық күнтізбелік оқу кестесімен белгіленеді.

(2) Сабақ тәртібі, сабақтың ұзақтығы мен сабақ арасындағы үзіліс Директор бекіткен сабақ кестесі және күн тәртібімен белгіленеді.

(3) Оқу жылы тоқсан бойынша ұйымдастырылады.

(4) Оқушыларға бес күндік оқу аптасы қарастырылған.

(5) Сенбі күні қажеттілігінше үйірмелер мен факультативті сабақтар өткізіледі.

34. Мектеп-лицей Қазақстан Республикасының заңнама нормалары шегінде оқыту мен оқушылардың білім сапасын тексерудің нысанын, құралдарын, әдістерін таңдауға ерікті.

**35. Оқушылардың білімін аралық бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оны өткізу нысаны мен тәртібі:**

(1) Әр тоқсанның соңында 1-11(12) сыныптарда тоқсандық бағалар, ал тоқсандық бағалар қорытындысы бойынша жылдық бағалар қойылады.

(2) Аралық және қорытынды аттестаттау кезінде бағалаудың бес балдық жүйесі қолданылады: 5 – «өте жақсы», 4 – «жақсы», 3 – «қанағаттанарлық», 2 – «қанағаттанарлықсыз».

(3) Мектеп-лицейдің педагогикалық кеңесінің шешімімен сыныптан сыныпқа көшу емтиханы өткізіледі. 7-8 және 10-сынып оқушыларын аралық аттестаттаудан өткізу үшін көшіру емтиханының нысаны мен тәртібі Мектеп-лицейдің ішкі актілерімен анықталады.

(4) Оқу жылының бағдарламасын меңгерген, көшіру және қорытынды емтиханды нәтижелі тапсырған оқушылар Педагогикалық кеңестің шешімімен келесі сыныпқа көшіріледі.

(5) Қазақстан Республикасының білім саласында уәкілетті органымен бекітілген нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, Мектеп–лицейде негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім бағдарламасын меңгеру тұлғаларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Аттестаттауды нәтижелі тапсырған тұлғаларға Мектеп–лицейдің мөрімен расталған, бекітілген үлгідегі аттестат, сондай-ақ, ағылшын және түрік тілін меңгергендігі, компьютер сауаттылығы туралы сертификат табысталады.

(6) Қазақстан Республикасының білім саласында уәкілетті органымен бекітілген нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, жалпы орта білім беру бағдарламасын меңгеруде ерекше табысқа жеткен тұлғаларға «Алтын белгі» белгісі бар ерекше үлгідегі аттестат немесе үздік аттестат табыс етіледі.

## VI. ҚОСЫМША АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

36. Мектеп-лицей білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін лицензиясы бола тұра, сәйкесінше білім беру бағдарламаларымен және мемлекеттік білім беру стандарттарымен көзделмеген, қорытынды аттестацияны талап етпейтін, білімі немесе біліктілігі туралы құжат беруді талап етпейтін, қосымша лицензия алуды талап етпейтін қосымша ақылы білім беру қызметтерін жүзеге асыра алады.

37. Қосымша ақылы білім беру қызметі (келісім-шарт негізінде) қалауы бойынша барлық оқушыларға және Ата-аналарға (заңды өкілдерге) ұсынылады.

38. Мектеп-лицейдің қосымша ақылы білім беру қызметін ұсыну тәртібі жергілікті актімен - Ақылы қосымша білім беру қызметі туралы ережемен анықталады.

39. Мектеп-лицей келесі ақылы қосымша білім беру қызметін ұсына алады:

(1) мектепалды даярлық;

- (2) Оқытушы және дамытушы;
- (3) Оқу жоспарымен көзделген бағдарламалардың сағаттарынан тыс арнайы пәндерді оқыту.

## VII. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ОҚУШЫЛАРЫН ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

40. Оқушыларды 1- сыныпқа қабылдау жыл сайын 6 (7) жастан бастап, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес, сұхбаттасу нәтижесінде жүргізіледі.

41. 7-ші сыныптарға қабылдау осы Мектеп-лицейде бұрыннан оқып жатқан оқушыларға, сондай-ақ, жаңадан оқуға тапсырушылар үшін де Мектеп-лицей дайындаған пәндер бойынша тест сұрақтарынан тұратын қабылдау емтиханының нәтижесінде жүргізіледі.

42. Оқу жылы барысында 2-11 сынып аралығындағы оқушыларды қабылдау – Мектеп-лицей дайындаған пәндер бойынша тест сұрақтарынан тұратын қабылдау емтиханының нәтижесінде жүзеге асырылады.

43. Мектеп-лицейдің қабылдау комиссиясы баланың тиісті сыныпқа оқуға түсу үшін тапсырған емтихан нәтижесі туралы хаттама жүргізеді.

44. Қабылдау емтиханын сәтті тапсырған оқушының ата-анасы (заңды өкілі) Мектеп-лицейдің жарғысымен және ішкі ережелерімен таныстырылады.

45. Құрылтайшы бекіткен нысанда Ата-анамен ақылы негізде білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасалады.

46. Мектеп-лицейде бос орындар болған жағдайда, емтихан нәтижесі оң және Ата-ана (заңды өкіл) мен Мектеп-лицейдің арасында жасалған шартта белгіленген көлемде және уақытта оқу төлемақысы төленгеннен кейін, барлық қажетті құжаттар тапсырылған соң, қабылдау комиссиясының хаттамасының негізінде оқушыны Мектеп-лицейге қабылдау туралы директордың бұйрығы шығарылады.

47. Сыныптағы оқушылар саны 24 адамнан аспауы тиіс. Керекті жағдайларда кейбір сабақтарда оқушылар топтарға бөлінуі мүмкін.

48. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім алуы үшін оқуға қабылдаудың тәртібі өкілетті органымен бекітілген қабылдаудың үлгілік ережесіне сәйкес белгіленеді.

49. Оқушыларды қабылдау және шығару Мектеп-лицейдің жергілікті нормативті-құқықтық актілерімен реттеледі.

## VIII. ОҚУШЫНЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДЕН ШЫҒАРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

50. Оқушы Мектеп-лицейден шығарылатындықтан төменде көрсетілген негізде білім беру қызметі тоқтатылады:

- (1) Білім алып болуына байланысты (оқытудың аяқталуы);
- (2) Қазақстан Республикасы нормативті актілерінде және осы Жарғыда белгіленген негіз бойынша, уақытынан бұрын.

51. Төменде көрсетілген себептерге байланысты білім беру қызметі уақытынан бұрын тоқтатылады:

(1) білім беру қызметін жүзеге асыратын басқа ұйымда оқыту бағдарламасын меңгеру үшін оқушыны ауыстыруды қоса алғанда, ата-ананың (заңды өкілдің) бастамасымен;

(2) оқушының қайтыс болуымен байланысты;

(3) сот оқушыны қайтыс болды деп жариялауымен;

(4) Мектеп-лицейде оқуын жалғастыруға мүмкіндігін жоятын сот шешімімен оқушының қылмыстық жауапкершілікке тартылуына байланысты;

(5) Мектеп-лицейдің бастамасымен тәртіптік жазалау шарасы ретінде оқушыны (денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды ескермегенде) Мектеп-лицейден шығару, сондай-ақ, оқушы тарапынан Мектеп-лицейге оқушыларды қабылдау тәртібі бұзылып, нәтижесінде Мектеп-лицейге заңсыз қабылданғандығы анықталған жағдайда;

(6) білім беру қызметін көрсету туралы шарттың талаптарын Ата-ананың (заңды өкілдің) орындамауы;

(7) білім беру қызметін көрсету туралы шартты бұзу;

(8) психолого-медико-педагогикалық комиссияның қорытындысы бойынша созылмалы ауруы нәтижесінде оқушының білім ала алмауы;

(9) ата-ананың (заңды өкілдің) және Мектеп-лицейдің еркіне тәуелсіз жағдайларға байланысты, сондай-ақ, Мектеп-лицейдің таратылуы жағдайында.

52. Мектеп-лицей жарғысын, ішкі тәртіп ережесін және өзге де білім беру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру жөнінде жергілікті актілерді орындамағаны немесе бұзғаны үшін оқушыларға келесідей тәртіптік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, Мектеп-лицейден шығару.

53. Білім беру қызметін тоқтатуға негіз – оқушыны Мектеп-лицейден шығару туралы Директордың бұйрығы. Білім беру қызметі уақытынан бұрын тоқтайтын жағдайда ата-ана (заңды өкіл) мен Мектеп-лицей арасында жасалған ақылы негізде білім беру қызметін көрсету туралы шарт оқушыны Мектеп-лицейден шығару туралы Директордың бұйрығы негізінде бұзылады. Білім туралы заңнамамен және Мектеп-лицейдің жергілікті нормативті актілерімен анықталған оқушының құқықтары мен міндеттері Мектеп-лицейден шыққан күнінен бастап тоқтатылады.

54. Білім беру қызметін уақытынан бұрын тоқтатқан жағдайда, оқушыны Мектеп-лицейден шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде, оқушы және ата-ана (заңды өкіл) Мектеп-лицей алдында барлық міндеттерін орындаған жағдайда ата-анаға (заңды өкілге) оқушының төменде аталған құжаттары қайтарылады:

(1) жеке ісі;

(2) директор қол қойып, мөрмен расталған ағымдағы бағалар тізімдемесі (табель);

(3) бар болса, білім деңгейі туралы құжат;

(4) медициналық картасы;

(5) білім алғаны немесе білім алған мерзімі туралы (білім беру бағдарламасының жарты бөлігін меңгерген оқушыларға).

55. Ата-ананың (заңды өкілдің) бастамасымен Мектеп-лицейден шығу өтініш негізінде жүзеге асырылады.

56. Мектеп-лицейдің ішкі тәртіп ережелерінде көзделген бірнеше рет жасалған тәртіпсіздігі үшін тәртіптік жазалау шарасы ретінде Мектеп-лицейдің шешімімен кәмелетке толмаған оқушы Мектеп-лицейден шығарылуы мүмкін. Тәртіптік жазалаудың өзге шаралары және педагогикалық ықпал етудің өзге шаралары нәтиже бермеген және Мектеп-лицейде қалуы басқа оқушыларға кері әсер ететін, олардың және Мектеп-лицей қызметкерлерінің құқықтарын бұзатын, Мектеп-лицейдің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын жағдайда, оқушыны Мектеп-лицейден шығару шарасы қолданылады.

57. Негізгі жалпы білім беруді меңгермеген кәмелетке толмаған оқушыға қатысты тәртіптік жазалау шарасы ретінде Мектеп-лицейден шығару шешімі оның ата-аналарының (заңды өкілдерінің) пікірін ескере отырып қабылданады.

58. Осы Жарғының ережелері резиденттерге де, резидент еместерге де қолдануға міндетті.

## IX. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІ БАСҚАРУ ТӘРТІБІ

59. Мектеп-лицейді басқару органдары болып:

- Жоғарғы басқару басқару органы - Құрылтайшылар;

- алқалық басқару органы – Қамқоршы кеңес, педагогикалық кеңес;

- атқарушы басқару органы – директор;

- бақылаушы орган – ревизор.

60. Құрылтайшы басқа да органдарды құруға құқылы, мұндайда, осы Жарғыға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.



## Х. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

61. Келесі сұрақтар Құрылтайшының ерекше құзыретіне жатады:
- (1) Мектеп-лицейдің атына, жедел басқару құқығында жылжытын және жылжымайтын мүлікті тіркеу;
  - (2) Мектеп-лицейдің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін шығын сметасын бекіту;
  - (3) жылдық есеп пен жылдық бухгалтерлік балансты бекіту;
  - (4) Құрылтайшымен Мектеп-лицейдің атына жедел басқару құқығында бекітілген мүліктің тиімді пайдалануы мен сақталуына бақылау жүргізу;
  - (5) Әр білім беру бағдарламасы үшін оқу құнын бекіту;
  - (6) Мектеп-лицей көрсететін қызмет бойынша төлемақыға жеңілдік беру және оның көлемін анықтау;
  - (7) Қамқоршы Кеңес құрамын бекіту;
  - (8) Директордың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтау;
  - (9) Директордың ұсынысы бойынша Мектеп-лицейдің құрылымы мен штаттық санын бекіту;
  - (10) Мектеп-лицейдің атынан Директормен жасалатын еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттың талаптарын анықтау және шарт жасасу;
  - (11) Директордың ұсынысымен оның орынбасарларының тағайындалуы мен лауазымынан босатылуын мақұлдайды;
  - (12) Қамқоршы кеңеспен әзірленген Жарғының жаңа редакциясын немесе енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - (13) Мектеп-лицейдің басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы және Мектеп-лицейдің филиалдары мен өкілдіктерін ашу туралы, сонымен қатар қызметінің тоқтатуы туралы (ликвидация) шешімдерді және оның ережелерін бекіту;
  - (14) Мектеп-лицейді басқару органдарының құзыреттерін, өкілеттіктерінің пайда болуы мен тоқтатылуының тәртібін айқындау;
  - (15) Қамқоршы кеңес мүшелерінің өз қызметін жүзеге асыруға байланысты кеткен шығындарын өтеу тәртібінің нұсқаулығын бекіту;
  - (16) Мектеп-лицейдің рұқсат (лицензия) талаптарын орындауын қадағалау;
  - (17) Смета бойынша бөлінген қаржының есебінен иеленген мүліктен басқа, Мектеп-лицейге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде иеленген мүлігінен айыру немесе қайта үлестіру байланысты Мектеп-лицейдің шешімдеріне келісім беру;
  - (18) Директордың қаржылық есеп беруінің тәртібі мен жиілігін айқындау;
  - (19) Ревизордың тексеріс жүргізуінің тәртібін айқындау мен нәтижесін бекіту;
  - (20) Мектеп-лицейдің ерікті қайта құрылуы мен таратылуы;
  - (21) Мектеп-лицейдің ликвидациялық комиссиясын тағайындау;
  - (22) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Құрылтайшы міндеті мен құзіретін атқаратын органның өзге де құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырады.

## ХІ. ҚАМҚОРШЫ КЕҢЕС

62. Қамқоршы кеңес аумақтық атқару органдарымен, мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен нәтижелі қызметтесу үшін, Мектеп-лицейге білім беру, оқушыларды тәрбиелеу, оқу процесінің материалды-техникалық қамсыздандыруды жақсарту, Мектеп-лицейдің қызметіне қаржылай көмек көрсету саласында жәрдемдесу мақсатында құрылған, тұрақты әрекет ететін Мектеп-лицейдің алқалық органы болып табылады.

63. Қамқоршы кеңес өз қызметінде, Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарды және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны және Мектеп-лицейдің өзге де жергілікті актілерін басшылыққа алады.

64. Қамқоршы кеңес жұмысының мақсаты - Мектеп-лицейді дамытудың өзекті мәселелері жөнінде шешім қабылдауға жәрдемдесу және кеңес беру, Мектеп-лицейге қаржылай

көмек көрсетуді ұйымдастыру, Мектеп-лицейдің дамуы мен қызметін қамтамасыз ету үшін бюджеттен тыс қаражатты тартуға жәрдемдесу.

65. Қамқоршы кеңестің айырықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:
  - (1) Қамқоршы кеңес құрамынан Қамқоршы кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау;
  - (2) Мектеп-лицейдің жылдық стратегиялық жоспарын қарау және бекіту;
  - (3) Мектеп-лицейдің даму стратегиясы мен бағдарламасын қалыптастыруға және жүзеге асыруға жәрдемдесу;
  - (4) Мектеп-лицейдің жұмыс істеуі мен кешенді дамуына жәрдемдесу;
  - (5) Мектеп-лицейдің келешек және кезекті мақсаттарын анықтау;
  - (6) Мектеп-лицейдің коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарымен халықаралық, ғылыми, техникалық және мәдени ынтымақтастығының қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесу;
  - (7) Мектеп-лицеймен мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін мәмілелерді бекіту;
  - (8) қаражаты Мектеп-лицейге оқу, ғылыми, әлеуметтік-тұрмыстық объектілерін салуға және дамытуға, оқу процесіне және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті жабдықтарды, материалдарды, есептеу және ұйымдастырушылық техниканы сатып алу үшін қолданылатын мақсатты және өзге де қорларды қалыптастыруға жәрдемдесу;
  - (9) демеушілік көмек тартуда жәрдемдесу;
  - (10) демеушілік және қайырымдылық көмекті үлестіру;
  - (11) Қаржы-шаруашылық қызмет бойынша ұсыныстарды әзірлеу;
  - (12) шетел мұғалімдерін қабылдауда жәрдемдесу;
  - (13) бірлескен қызметті ұйымдастыру үшін отандық және шетел мамандарын тарту;
  - (14) қаржыландыруға қабылданған шараларды бекіту.
66. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен осы Жарғыға сәйкес, Қамқоршы кеңестің құзыретіне Мектеп-лицей қызметінің өзге де сұрақтары жатқызылуы мүмкін.
67. Қамқоршы кеңестің айырықша құзыретіне жатпайтын сұрақтар бойынша шешімдер ұсыныс және кеңес сипатына ие.
68. Қамқоршы кеңес 3 (үш) жылға қайта тағайындалатын кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады.
69. Қамқоршы кеңес мүшелері Құрылтайшының шешімімен тағайындалады.
70. Директор Мектеп-лицейдің Қамқоршы кеңес мүшесі болуы мүмкін. Директордан басқа, Қамқоршы кеңестің мүшелері Мектеп-лицей қызметкерлерінің штатына кірмейді.
71. Директор күн тәртібі бойынша оған қатысты сұрақтар талқыланатын Қамқоршы кеңес отырыстарында қатыспауы тиіс.
72. Қамқоршы кеңес жылына екі реттен кем емес, қаржы жылы біткеннен кейін 5 айдан аспайтын уақытта жиналады. Осы мерзіммен бұрын ұйымдастырылатын жиналыс кезектен тыс деп танылады.
73. Қамқоршы кеңестің барлық мүшелері бірдей құқықтармен пайдаланады, өзінің негізгі өндірістік, лауазымдық қызметінен үзілмей, ақысыз негізде қызмет атқарады.
74. Қамқоршы кеңес мүшелеріне шешім қабылдау кезінде жеке мүдделерін көздеуге, сонымен қатар, Мектеп-лицей жөнінде және оның ресурстары туралы ақпаратты жеке мақсаттары үшін пайдалануға тыйым салынады.
75. Мектеп-лицей Қамқоршы кеңеске ұйымдастырушылық-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.
76. Қамқоршы кеңес мүшесінің мүшеліктен шығуы төраға атына жазбаша арыз беру арқылы жүзеге асырылады. Арыз түскен күннен бастап үш айдың ішінде төраға Қамқоршы кеңес мүшелігінен шығуды рәсімдейді.
77. Қамқоршы кеңес мүшелерінің құқықтары:
  - (1) Қамқоршы кеңес отырыстарына қатысу және сөз сөйлеу;
  - (2) Директордың шақыруы бойынша педагог қызметкерлердің, өзге санатты қызметкерлердің және оқушылардың конференцияларына қатысу және сөз сөйлеу;

(3) Қамқоршы кеңес отырыстарының күн тәртібіне Мектеп-лицейдің қаржы қызметін жақсарту, оқушылардың және қызметкерлердің бос уақыттарын мәдени өткізу туралы ұсыныстар енгізу;

(4) Мектеп-лицейдің лауазымды тұлғаларынан Қамқоршы кеңес өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті Мектеп-лицейдің қызметі туралы ақпаратты алуға;

(5) Мектеп-лицейдің кез-келген бағдарламалық шараларына қатысуға;

(6) Қамқоршы кеңесте өзінің қызметі туралы ақпаратты электрондық және баспа БАҚ-да орналастыруға;

(7) Кез-келген уақытта Қамқоршы кеңес мүшелігінен шығуға құқылы.

78. Қамқоршы кеңес мүшелерінің міндеттері:

(1) Қамқоршы кеңес мүшелігінің атының абыройын көтеруге сыйлауға және жәрдемдесуге;

(2) Мектеп-лицейдің білім беру процесі сапасының, ғылыми зерттеулердің, Мектеп-лицейдегі қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау сапасының жоғарылауына өзінің мүмкіндігі және құзыретінің шеңберінде жәрдемдесуге;

(3) Мектеп-лицейге интеллектуалды, ұйымдастырушылық және қаржылық көмек көрсетуге.

79. Қамқоршы кеңестің айырықша құзыретіне жататын сұрақтарды Қамқоршы кеңес төрағаға немесе директордың қарауына тапсыра алмайды.

80. Қамқоршы кеңес төрағасы:

(1) Қамқоршы кеңес отырысын жүргізеді;

(2) Қамқоршы кеңес отырысының хаттамасына қол қояды;

(3) Қамқоршы кеңестің қарауына оның қызметінің жоспары туралы ұсыныс енгізеді;

(4) Қамқоршы кеңеспен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

81. Төраға Қамқоршы кеңес отырысын шақырады және күн тәртібін дайындайды. Қамқоршы кеңестің әрбір мүшесі күн тәртібіне қосу үшін өзінің ұсыныстарын енгізуге құқылы.

82. Қамқоршы кеңес отырыстары келесі тұлғалардың бастамасы бойынша шақырылады:

(1) Қамқоршы кеңес мүшесінің біреуі немесе бірнешеуінің және/немесе Құрылтайшының;

(2) Директордың.

83. Қамқоршы кеңес отырыстары, отырыста Қамқоршы кеңес мүшелерінің үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

84. Қамқоршы кеңестің отырыстары тікелей өздерінің қатысуы арқылы немесе дистанциялық байланыс құралдары арқылы ғаламтор технологиясын немесе басқа Қамқоршы кеңес мүшелерінің барлығына қолжетімді байланыс құралдарын қолдану арқылы өткізіледі.

85. Шешім отырысқа тікелей өздері немесе дистанциялық байланыс құралдары арқылы қатысатын Қамқоршы кеңес мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Қамқоршы кеңесте әрбір мүшенің бір дауысы бар. Дауыс саны тепе-тең болған жағдайда Қамқоршы кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

86. Отырыстың хатшысы тікелей өзі немесе дистанциялық байланыс арқылы отырысқа қатысып отырған мүшелердің арасынан сайланады.

87. Отырыс хатшысы Қамқоршы кеңес отырысының хаттамасын жүргізеді.

88. Қамқоршы кеңес шешімі отырысқа қатысқан барлық қатысушылардың хаттамаға қол қоюы арқылы рәсімделеді.

89. Қамқоршы кеңестің кез-келген шешімі сырттай дауыс беру арқылы немесе Қамқоршы кеңес мүшесінің факспен немесе электрондық поштамен дауыс беруді қоса алғанда, қолы қойылған жазбаша шешімі негізінде қабылдана алады.

90. Қамқоршы кеңестің алдағы отырыстары туралы хабарламалар, барлық Қамқоршы кеңес мүшелеріне, отырыс өткізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей жіберіледі. Қамқоршы кеңес мүшелеріне хабарлама жазбаша түрде жасалады, оған күн

тәртібіндегі барлық сұрақтар және қаралуға ұсынылған сұрақтарға қатысы бар барлық қажетті құжаттама, сондай-ақ, отырыстың өтетін мекен-жайы, күні және уақыты енгізіледі.

91. Қамқоршы кеңес Құрылтайшының алдында жауапты.

92. Төрағаның шешімі негізінде Қамқоршы кеңес мүшелеріне өз қызметін жүзеге асыру уақытында кеткен шығындары өтелуі мүмкін.

93. Қамқоршы кеңес мүшелерінің тізімі қызығушылық танытқан барлық тұлғаларға қол жетімді болуы тиіс.

94. Қамқоршылық кеңес қызметінің тоқтатылуы мына негіздер бойынша жүзеге асады:

- (1) Құрылтайшының бастамасымен;
- (2) Қамқоршы кеңес бастамасымен;
- (3) Мектеп-лицейдің қайта құрылуы немесе жойылуы.

## ХІІ. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

95. Директор - Мектеп-лицейдің ағымдағы қызметіне басшылық ететін Мектеп-лицейдің атқарушы органы болып табылады.

96. Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе, Директор Құрылтайшының шешімінің негізінде жұмысқа тағайындалады, шығарылады және/немесе босатылады.

97. Директордың өкілдік мерзімі белгіленбесе, ол шексіз мерзімге тағайындалған болып есептеледі.

98. Директор Құрылтайшының және Қамқоршы кеңес шешімінің негізінде және оны орындау мақсатында қызмет етеді және олардың алдында жауап береді.

99. Директордың қызметі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Мектеп-лицей мен Директор арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді.

100. Құрылтайшы өкілеттік берген тұлға Мектеп-лицейдің атынан Директормен еңбек шартына қол қояды.

101. Директор:

(1) Құрылтайшының және Қамқоршы кеңестің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

(2) мемлекеттік органдар мен соттарды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Мектеп-лицей атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

(3) Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі барлық мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда және үшінші тұлғалардың алдында Мектеп-лицейдің өкілі болып әрекет етеді;

(4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Мектеп-лицей атынан әрекет етуге құқық беретін сенімхат береді;

(5) жалпы басшылықты жүзеге асырады;

(6) халықаралық байланыс үшін жауапты болады;

(7) Құрылтайшының бекітуіне сметаны әзірлейді;

(8) бекітілген смета шеңберінде Мектеп-лицейдің мүлігі мен құрал-жабдықтарына иелік етеді;

(9) Қазақстан Республикасында және шетелде Мектеп-лицейдің банк шоттарын ашады және жабады;

(10) қызметкерлерінің лауазымдық жалақы мөлшерін бекітеді;

(11) қызметкерлерінің арасында міндеттемелерді бөледі және құзіреттерінің көлемін анықтайды;

(12) қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан шығарады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан бөлек), оларға көтермелеу шаралары мен тәртіптік жаза шараларын қолданады, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды;

(13) Мектеп-лицей қызметінің сұрақтарына байланысты өз құзыреті шегінде нұсқаулар мен ережелерді бекітеді;

(14) әр білім беру бағдарламасы үшін оқу ақысынан басқа, қызмет көрсету мен тауар өткізу құнын бекіту;

(15) жұмыста болмайтын мерзімге өз міндеттерін орынбасарларының біреуіне жүктейді;

(16) Мектеп-лицейдің дөңгелек мөрінің, штампының, бланктерінің сақталуына жауапты болады, қызметкерлер штатын қалыптастырады және жұмысына басшылық етеді, Мектеп-лицей қызметіне байланысты құжаттарды куәландырады, бірінші қол қою құқығына ие;

(17) бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

(18) осы Жарғыға сәйкес Қамқоршы кеңестің отырыстарын шақырады;

(19) Қамқоршы кеңестің бекітуін талап ететін мәмілелерді жасайтын жағдайда Қамқоршы кеңестің қарауына сұрақтарды дайындайды;

(20) Мектеп-лицейдің құзіретіне жататын сұрақтар бойынша басқа ұйымдармен қарым-қатынас орнатады және Қамқоршы кеңестің мақұлдауын талап ететін сұрақтарды қоспағанда, Мектеп-лицей қызметін басқаруға қажетті өзге әрекеттерді жүзеге асырады;

(21) Құрылтайшыға өзінің қызметі туралы есеп береді;

(22) Мектеп-лицейдің даму тұжырымдамасы мен стратегиясын айқындайды;

(23) Иссапар, тағылымдама, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтары және өзге де біліктілікті арттыру түрлерінен өткізу тәртібі мен жоспарын бекітеді;

(24) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Мектеп-лицейдің аталған органдарының ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтардан басқа, Құрылтайшының және Қамқоршы кеңес шешімдерімен белгіленген өзге міндеттерді жүзеге асырады.

102. Директор Мектеп-лицейдің барлық қызметі үшін, сондай-ақ, оның іс жүргізу жұмыстарының дұрыс және адал жүргізілуі үшін жауапты. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғының талаптарына сәйкес, Директор Мектеп-лицейдің мүлігін басқарады және иелік етеді.

103. Мектеп-лицейдің жарғылық қызметіне қайшы бағытталған директордың әрекеттері еңбек міндеттемелерінің бұзылуы болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту шараларын қолдануға әкеліп соғады.

104. Құрылтайшыны алдын-ала екі ай бұрын жазбаша түрде хабардар ете отырып, директор кез-келген уақытта міндеттерін орындаудан бас тарта алады.

105. Егер директордың қызметі құқыққа, жарғылық мақсаттарға қайшы келді немесе Мектеп-лицейге зиян келтіруі мүмкін деп танылған жағдайда, Құрылтайшының шешімімен ғана директор мерзімінен бұрын қызметтен босатылуы мүмкін.

106. Директордың орынбасарлары Құрылтайшының келісімімен директормен тағайындалады және директормен бекітілетін міндеттерді үйлестіруіне сәйкес жұмыс бағытына басшылық етеді.

107. Белгіленген шектеулерді бұза отырып директор жасаған мәмілелердің, егер мәміле жасау барысында тараптар осындай шектеулердің бар екендігін білгендігін дәлелдей алса, Мектеп-лицей осындай мәмілелердің жарамдылығына қарсылық білдіре алады.

### ХІІІ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

108. Мектеп-лицей қызметіне әдістемелік басқаруды педагогикалық кеңес жүзеге асырады. Педагогикалық кеңес құрамына Мектеп-лицей мұғалімдері, директор және оның орынбасарлары кіреді.

109. Педагогикалық кеңес құзыретіне кіретін сұрақтар келесідей:

(1) оқу жоспары мен бағдарламаларын бекіту;

(2) педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын анықтау;

(3) жеке оқу жоспарларын бекіту;

(4) оқушыларды келесі сыныпқа ауыстыру;

- (5) үлгерім сұрақтарын талқылау;
- (6) оқушылардың тәртібі мен аттестациясы;
- (7) Мектеп-лицейдің педагог қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру жұмысын ұйымдастыру, олардың шығармашылық бастамасын дамыту;
- (8) озық тәжірибені өрістету;
- (9) педагог қызметкерлерді марапаттауға ұсыну.
110. Педагогикалық кеңес құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен осы Жарғыға сәйкес, Мектеп-лицей қызметінің өзге де мәселелері жатқызылуы мүмкін.
111. Мектеп-лицейде директордың бұйрығымен жыл сайын аттестациялық комиссия құрылады. Аттестациялық комиссия педагог қызметкерлерге олардың кәсіби қызметін ескере отырып аттестация жүргізеді.

#### XIV. РЕВИЗОР

112. Құрылтайшы Қамқоршы кеңеспен ұсынылған үміткерлер қатарынан Ревизорды тағайындауға құқылы.
113. Ревизор – Мектеп-лицейдің бақылаушы органы болып табылады және:
- (1) Мектеп-лицейдің қаржылық және шаруашылық қызметін бақылайды;
- (2) материалдық құндылықтардың жағдайы мен есебіне ревизия жүргізеді;
- (3) жүргізілген тексерудің нәтижелерін Құрылтайшыға ұсынады.
114. Ревизормен жасалатын қызмет көрсету туралы шарттың негізгі талаптары мен шарттары Қамқоршы кеңеспен ұсынылады.
115. Ревизор Құрылтайшылардың шешімінің негізінде және сол шешімді орындау үшін қызмет атқарады және Құрылтайшыға есеп береді.
116. Ревизор әр жылдың бірінші тоқсанында Мектеп-лицейдің қаржы-шаруашылық бақылау жүргізеді және Құрылтайшыға есеп береді. Құрылтайшының шешімі бойынша жоспардан тыс ревизиялар мен тексерістер жүргізілуі мүмкін.
117. Мектеп-лицейде тексеріс жүргізу барысында Ревизор Директордан немесе бухгалтерден барлық қажет материалдар, бухгалтерлік және өзге де құжаттарды талап етуге құқығы бар.
118. Ревизор Мектеп-лицейдің бүкіл құжаттамасына сөзсіз қол жетімдік құқығына ие. Ревизордың талабы бойынша Мектеп-лицей Директоры мен қызметкерлері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсініктеме беруге міндетті.
119. Ревизор Мектеп-лицейдің барлық мүлігін қарап, ревизия жүргізеді, сондай-ақ, Мектеп-лицейде бір жыл ішінде атқарылған жұмыстарды және оған кеткен шығындарды тексереді.
120. Ревизор Мектеп-лицейдің штаттағы қызметкері, Қамқоршы кеңестің мүшесі немесе Құрылтайшысы және Мектеп-лицейдің бухгалтерімен туыстық байланыста бола алмайды.
121. Құрылтайшының рұқсатымен Ревизор өзінің жұмысына тәуелсіз мамандарды тартуға құқылы. Ревизор тәуелсіз мамандардың барлық ой-пікірлері мен ерекше пайымдауларына хаттама жүргізеді.
122. Ревизор қажет деп тапса, Директордан Құрылтайшының кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуды талап етуге құқылы.
123. Ревизор кез-келген уақытта, қызмет көрсету туралы шартында көрсетілген мерзім ішінде, жазбаша нысанда, Құрылтайшыны ескертіп, міндеттемелерін орындаудан бас тарта алады.
124. Егер ревизордың қызметі құқыққа қайшы, Жарғы мақсаттарына сай келмейді немесе Мектеп-лицейге зиян келтіруі мүмкін деп анықталса, Құрылтайшының шешімінің негізінде Директор Ревизормен қызмет көрсету туралы шартын бұза алады.
125. Ревизор ревизия нәтижесі және бекітуге ұсынылған қаржы есебінің дұрыстығы туралы қорытындысын Құрылтайшыға табыстайды.

126. Құрылтайшының шешімі бойынша Ревизордың функциясы тәуелсіз аудиторлық ұйымға жүктелуі мүмкін. Аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жұмылдырады.

127. Құрылтайшының талабы бойынша аудиторлық тексеріс оның есебінен кез келген уақытта жүргізілуі тиіс.

## XV. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ МҮЛІГІ

128. Мектеп-лицей өзінің қызметінің мақсаты мен мүліктің қолдану мақсатына сәйкес Құрылтайшыдан қабылдаған мүлікке жедел басқару, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асырады.

129. Мектеп-лицейдің қаржы құралдары (мүліктің пайда болуы) мен материалдық базасы болып мыналар есептеледі:

- (1) Жедел басқару құқығында Құрылтайшы берген мүлік;
- (2) Құрылтайшының ақшалай және мүліктік салымдары;
- (3) білім беру, өндірістік және өзге де қызметтен пайда болған табыстар;
- (4) өз қызметінің нәтижесінде пайда болған мүлік;
- (5) қайырымдылық ретінде түскен ерікті жарналар;
- (6) отандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалардан түскен қайтарымсыз аударымдар мен қайырымдылықтар;

- (7) заңды және жеке тұлғалардың демеушілік көмегі;
- (8) акциялардан, облигациялардан және өзге де бағалы қағаздар мен салымдардан түсетін дивиденттер (табыстар, сыйақылар (пайда)

(9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен тыйым салынбайтын өзге де қайнар көздер.

130. Құрылтайшы Мектеп-лицейге тиесілі мүліктің мақсатына сәйкес падалануына және бүтіндігіне бақылау жасайды.

131. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мектеп-лицей бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

132. Құрылтайшы Мектеп-лицейге бекітілген, артық, пайдаланбайтын немесе мақсатына сай пайдаланбайтын мүлікті алып алуға және өз бетінше оны пайдалануға құқылы.

133. Әртүрлі қайнар көздерден түскен қаражат, Құрылтайшы бекіткен сметаға сәйкес және Құрылтайшы мен Директор өз құзыретінің шегінде билік ете алатын табыс болып табылады.

134. Мектеп-лицей кәсіпкерлік қызметі бойынша табыс пен шығынның есебін жүргізеді.

135. Мектеп-лицейдің кәсіпкерлік қызметіне салық салуы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асады.

136. Ақылы қосымша қызмет көрсетуден туындаған табыс қатысушылардың (құрылтайшылардың) арасында бөлінбейді және Мектеп-лицейдің жарғылық мақсаттарына бағытталады.

137. Осы Жарғыға сәйкес, Мектеп-лицейдің мүлігі Құрылтайшыға тиесілі.

138. Осы Жарғыға сәйкес, Мектеп-лицейдің қаржылық және өзге де құралдарын пайдалану Қамқоршы кеңестің шешімі негізінде жүзе асады.

139. Өзінің қаржылық тұрақтылығын, төлемқабілеттілігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар, өзінің міндеттемелерін орындау мақсатында Мектеп-лицей резервтік қор құрады. Резервтік қордың қаражаты резервтік қор құрылған мақсаттарға сай падаланылады.

140. Мектеп-лицей құрылған мақсатына сай пайдаланылатын өзге де қорлар (даму, әлеуметтік көмек және т.б.) құруы мүмкін.

## XVI. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

141. Мектеп-лицей халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
142. Халықаралық ынтымақтастыққа қатысу мақсатында Мектеп-лицей құқылы:
- (1) өкіметтік емес халықаралық ұйымдарға кіруге;
  - (2) шетел әріптестермен бірлескен қызмет туралы шарттар жасасуға;
  - (3) екі жақты және көпжақты оқушылармен, педагог және ғылыми қызметкерлерімен алмасу бағдарламаларына қатысуға;
  - (4) бірлескен зерттеулер, конгрестер, конференциялар мен симпозиумдар және өзге де шараларды өткізуге;
  - (5) жоғары, жоғарыдан кейінгі кәсіби білім беруді дамыту жөнінде халықаралық бағдарламаларға қатысуға;
  - (6) білім беру, шаруашылық процеске қатысуға шетел мұғалімдері мен мамандарды тартуға;
  - (7) Мектеп-лицей мұғалімдерін шетелдік ғылыми және білім беру мекемелеріне педагогикалық қызметке жіберуге;
  - (8) шетел азаматтарына білім беруді жүзеге асыруға;
  - (9) шетел ұйымдарына консультативтік қызмет көрсетуге;
  - (10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте халықаралық ұйымдар мен ассоциациялардың қызметіне қатысуға.

## XVII. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

143. Мектеп-лицейдің үшінші тұлғалар мен еңбек ұжымымен қарым-қатынастың сипаты мен тәртібі, тараптармен жасалатын нақты еңбек және шаруашылық келісіммен белгіленеді.
144. Мектеп-лицей Құрылтайшы бекіткен нысанда еңбек шартын жасасып, қызметкерлерді жалдау құқығына ие.
145. Мектеп-лицейдің жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібімен белгілененді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.
146. Жарғының жеке міндеттерін орындау үшін Директор шарттық негізде штаттан тыс қызметкерлер мен мамандарды тартуға құқылы.

## XVIII. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛУЫ

147. Мектеп-лицей қызметінің тоқтатылуы Құрылтайшы шешімінің негізінде жүзеге асырылады, ал Мектеп-лицей Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын бұзған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың шешімімен таратылады.
148. Мектеп-лицейдің қызметі қайта құру (бірігу, қосылу, бөліп шығару, бөліну, өзгеру) мен таратылу арқылы тоқтатылады.
149. Мектеп-лицейді қайта құру Құрылтайшының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнама актілермен көзделген өзге жағдайларда жүзеге асырылады және Мектеп-лицейге тиесілі құқықтар мен міндеттер оның мирасқорына өтеді.
150. Қосылу арқылы жүзеге асатын қайта құрылу жағдайларынан басқа, жаңадан қалыптасқан ұйымының мемлекеттік тіркеуден өту сәтінен бастап Мектеп-лицей қайтадан құрылған ұйым болып есептеледі.
151. Мектеп-лицейді қайта құру кезінде оның мирасқорлары жаңа құрылған ұйымның құрылтай құжаттарымен анықталады.
152. Мектеп-лицейді тарату сот немесе Құрылтайшының шешімімен тағайындалған тарату комиссиясымен жүзеге асырады. Тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасының



талаптарына сәйкес таратудың тәртібі мен мерзімін, сондай-ақ, несие берушілердің наразылық білдіру мерзімін айқындайды.

153. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық реестрінен атауы жойылғаннан бастап Мектеп-лицей өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

154. Мектеп-лицейді жою кезінде Мектеп-лицейдің міндеттемелерін жабу үшін төлемдерді шегергеннен кейін қалған жеке меншік құқығында ақшалай және өзге де мүліктер, Құрылтайшы өзгеше белгілемесе, Мектеп-лицей құрылған мақсаттарға және/немесе қайырымдылық мақсаттарға жіберіледі.

155. Құжаттар белгіленген тәртіпте мұрағатқа жіберіледі.

## ХІХ. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

156. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі Құрылтайшының шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

157. Жарғыға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелуге жатады және тіркелген сәттен бастап жарамды болып табылады.

## XX. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

158. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) түпнұсқада шығарылған.

159. Барлық реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

160. Жарғыдағы тақырып атаулары тек оны оқу қолайлығы үшін ғана пайдаланылған және Жарғының мағынасына әсер етпейді.

161. Егер Жарғының қандай да бір тармағы немесе қандай да бір ережесі жарамсыз, заңға қайшы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша оның негіздемесі жоқ деп мойындалса, қалған барлық ережелер өздерінің толық заңды күші мен қолданылуын сақтап қалады.

162. Осы Жарғыға енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша жасалып, Құрылтайшымен бекітіледі.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Досанов Нурлан Ершатович



ҚОЛЫ

Накпаев Чингис Муратович

ҚОЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫқ

24 МАЙ 2016 Мен, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің және құқықтық көмек көрсету комитеті 15.01.2010 жылы берген № 0002843 лицензия негізінде Атырау атырауы атырауындағы округінің нотариусы Нұрғұл Теміржановна Нұрғұл Теміржанов және Жасұлы Абдықали (сыйақы қол қоюшымен, Т.А.Ә.У. қолымен) қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

24 МАЙ 2016 2016 жылы 20. Я. Ибраева Нұрғұл Теміржановна, нотариус Атырау атырауының атырауындағы округінің нотариусы № 0002843 берілген 15.01.2010 жылғы Комитеттің қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)

Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)

Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)



Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)

Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)



Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)

Қарағандың құралдырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, қарағандың тексерілді.

Жасұлы Абдықали (Ф.И.О. қол қойғаны)